Бұл инновациялық гранттар жайлы мәселе болатын. Біздің қозғар тақырыбымыз мемлекеттік бағдарлама негізінде берілген қайтарымсыз гранттарды қолды еткендер туралы өрбімек. Екеуі екі түрлі бағдарлама болғанымен, мемлекеттік гранттардың қалай берілетіні, оны кімдердің қандай жолмен алатыны көңілге күдік ұялатады. Мұндайда бармақ басты, көз қысты әрекеттердің орын алатыны жасырын емес. Әйтпесе, шын мұқтаждар бұлай қиналмас еді. Қолдағы деректер әуел баста жоспардағы құрал-жабдығын, мал-мүлкін қағаз жүзінде көрсетіп, шын мәнінде қаржыны басқа мақсатқа жұмсағанын дәлелдеп отыр.

Өңіміме мемлекет қаржысын қалтаға оңай салып, оның сұрауы жоқтай пайдаланғандар жайлы. Мұндай жандар алмақтың да салмағы барын ұмытқан болуы керек. Бүгінде берілген көмекті басқа мақсатқа жаратып, әйтеуір қалтамыз толтырсам болды деген пейілдері көбейді. Бұл сөзімізді дәлелдейтін деректерге төменде тоқталамыз.

2017 жылдан басталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бес жыл бойы жүзеге асырылып, оның игілігін жұртшылық көрді. Үш бағытты қамтитын бағдарлама аясында бес жыл ішінде 4778 адам қайта даярланып, 84,3 проценті тұрақты жұмысқа орналасқан. Екінші бағытында жаппай кәсіпкерлікті дамыту аясында бес жылда 10651 адам кәсіпкерлікке үйретіліп, оның ішінде 946 адам шағын несиеге, 4908 адам қайтарымсыз несиеге қол жеткізген. Алдыңғы жылы «Жас кәсіпкер» жобасы бойынша оқытылған 1100 жастың 665-і несие мен грант иеленген.

2018 жылдан бері жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беріле бастады. Төрт жыл ішінде 12370 адам қайтарымсыз грантқа, өз кәсібін ашуға мүмкіндік алды.

Десе де осы қайтарымсыз гранттар мәселесіне келгенде қолдағы мәліметтер қынжыларлық жайттарды алға тартты. Халықты жұмыспен қамту органдары тарапынан мемлекеттік грант иелеріне жүргізілген мониторинг кезінде 239 адам қаржыны мақсатсыз алғаны анықталған. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Қызылорда қаласында 2019 жылы 12 адам грантқа қол жеткізгенімен, нәтиже шығармаған. 2020 жылы облыста 116 адам грантты қалтаға басқан. Сандарды сөйлестек, оның ішінде Қармақшыда 4, Жалағашта 2, Сырдарияда 3 дерек кездесе, аудандар ішінде ең көбі Шиеліде 30 адам, қалада 77 адам мемлекет қаржысын

мақсатсыз жұмсаған. Ал өткен жылы Сырдарияда 2, Жаңақорғанда 1 дерек тіркелді. Барлығы 165 жағдай сот қарауына ұсынылып, олардың 44-не қатысты қаржыны бюджетке кері қайтару туралы шешім шығыпты. Ал 10 адам өз еркімен қаржыны қайтаруды ұйғарған.



Соттың шешіміне сәйкес, қаржыны кері қайтару кестесі жүктеліпті. Енді алған ақшаны қайтаруға тура келеді. Сондай-ақ, 116 құжат сот қарауында болса, 74 адамға ескертпе хат беріліпті.

Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Ақбота Саденованың айтуынша, грант алушылар алдын ала бизнес жоспар жасайды.

— Мәселен, Т.Е. есімді азамат осында бас мал аламын деп жоспарла көрсеткенімен, ақшаны иеленген соң ештеңе сатып алмаған. Бір жыл бойы біздің мамандар бақылап, мониторинг жасайды. Айталық, Шиелі ауданында Б.М. есімді азаматша атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы ретінде 2020 жылы тігін шеберханасын ашу үшін 555 600 теңге көлемінде грант алған. Тексеру кезінде қаражат басқа мақсатқа пайдаланылғаны, тігін шеберханасы ашылмағаны анықталып, жеке кәсіпкерге ескертпе хат берілген. Бірақ, ол қажетті құжаттарды айтылған уақытта тапсырмағандықтан, ісі сотқа жолданып, қазір қаржы мемлекетке қайта өндірілуде, — деді бөлім басшысы.

Аудандар арасында Шиеліде грантты мақсатсыз алғандар көп болып шықты. Тағы бір деректе жеке кәсіпкер 2020 жылы ірі қара мал шаруашылығын дамыту үшін 555 600 теңге көлемінде грант алған. Тексеру барысында бизнес жобасында көрсетілген 3 бас өгіз алынбағаны анықталып, қаражатты мақсатты пайдаланғанын растайтын құжатты 5 күнде әкеліп өткізу туралы ескертпе берілген. Алайда құжатты өткізбеген кәсіпкер ісі сотқа жолданып, оны өндіру туралы шешім шыққан.

Грантты қалтаға басқандар қалада да көп. Мәселен, И.Б. есімді азаматша сән салонын ашу, Е.Ж. есімді азамат электр дәнекерлеу қызметі үшін грант алған. Алайда тексеру нәтижесі олардың ешқандай құрал алмағанын дәлелдеп, сот шешімімен қаржы кері қайтарылуда. Мұндай мысалдар

жетерлік. Бұл деректер алдыңғы жылы пандемия кезінде орын алғанын ескерсек, сол кезеңнің қиындығынан ауырдың үсті, жеңілдің астымен өтуді қалайтындардың артқанын байқауға болады. Еңбек еткісі келмей, мемлекет қаржысын мақсатсыз жұмсау

## Мобильді топтар шалғай ауылдарда

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының мобильді топтары наурыз айынан бастап бүгінге дейін Арал, Қазалы, Қармақшы, Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш, Сырдария аудандарына қарасты 9 елді мекенде көшпелі қоғамдық қабылдаулар өткізді.

Қабылдаулар барысында шалғай ауыл тұрғындарынан 200-ден астам өтініш тіркеліп, бүгінге олардың 38%-і оң шешілген болатын. Жұмысты топтың сапары апта барысында Қармақшы және Жалағаш, Жаңақорған мен Шиелі аудандарына қарасты 4 ауылдық округте жалғасуда. Мақсаты — шалғай орналасқан елді мекендердегі тұрғындарды қабылдап, олардың әлеуметтік, қоғамдық және өзге де ортақ түйткілді мәселелерінің шешілуіне ықпал ету, бағыт-бағдар мен кеңес беру.

## Ұсыныстар талқыланды

Сәрсенбіде «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Онда Мемлекет басшысы, партия Төрағасы Қ.Тоқаевтың кезектен тыс XXII партия съезінде берген тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын өзектендіруге қатысты ұсыныстар талқыланды. Онлайн форматта өткен жиынға аймақтық кеңес төрағасы Максұт Нәлібаев пен партияның облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Алтынбек Жарылқасынов қатысты.

## Жауаптылар бекітілді

Облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі М.Ералиевтің төрағалығымен өткен басқосуда аймақтық кеңестің жаңа құрамы мен ережесі таныстырылды.

Кеңес жоспарына жаңа ұсыныстар енгізілді. Сонымен қатар қатысушылардың келісімімен «Жастар — Отанға!» бағдарламасының және оны іске асыру жөніндегі облыстық Жол картасындағы 5 негізгі бағыттың орындалуына жауапты кеңес мүшелері бекітілді.

## Бірлескен отырыс

Апта ішінде облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясының депутаттық фракция мүшелерінің қатысуымен партияның облыстық филиалы жанындағы білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің бірлескен отырысы өтті.

Онда инклюзияны қолдау кабинеттерін әдістемелік қамтамасыз етуді қаржыландыру мәселесі қаралды.

Білім беру ұйымдарында инклюзивтік білім беруді дамыту мақсатында 2020-2022 жылдарға арналған Жол картасы бекітілген. Оның аясында 144 мемлекеттік балабақшада логопункт, 119 мектепте инклюзивтік қолдау кабинеттері және 8 ресурстық орталық ашылып, 151 дефектолог, логопед, олигофренопедагог, психолог, арнайы әлеуметтік педагог мамандар жұмыс істейді.

## Семинар ұйымдастырылды

Партияның облыстық филиалы қоғамдық қабылдау бөлмесінің ұйымдастыруымен семинар өтті.

Семинар қабылдау бөлмесіне азаматтардан келіп түсетін арыз-шағымдар мен өтініштерді қарауда мемлекеттік органдар тарапынан орын алып жатқан кемшіліктерді болдырмау, мемлекеттік қызметкердің жауапкершілігін көтеру мақсатын көздейді. Оның жұмысына кент, ауыл әкімдері, сонымен қатар басқа да санаттағы 25 мемлекеттік қызметші қатысты.

## Делегаттар сайланды

Мемлекет басшысы, «AMANAT» партиясының Төрағасы Қ.Тоқаев 26 сәуірде партияның кезектен тыс XXIII съезін шақыру туралы шешім қабылдаған болатын.

Осыған орай партияның облыстық филиалы саяси кеңесінің отырысы өтіп, кезектен тыс өтетін съезд жұмысына Сыр өңірінен қатысатын делегаттар сайланды. Олардың құрамында облыс әкімі, аймақтық және аумақтық партия филиалдарының атқарушы хатшылары, республикалық саяси кеңестің мүшелері және «Jas Otan» жастар қанатының облыстық филиалы төрағасы бар. Атап өту керек, съезд жұмысы онлайн форматта өтеді деп жоспарланып отыр.

## «Miras» кеңесі бас қосты

Президент өз Жолдауында жастарға үміт артатынын, өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасаудың қажеттігін атап, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын.

Партияның облыстық филиалы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» аймақтық қоғамдық кеңесі мүшелері бас қосып, Мемлекет басшысының Жолдауында айқындалған «Балалар жылы» аясында балалар әдебиеті мен шығармашылығын дамыту мәселелерін талқылады.

## Заңгерлік кеңес

Партия алаңында атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша бірлескен тақырыптық қабылдау өтіп, тұрғындарға құқықтық-заңгерлік кеңестер берілді.

Облыстық әділет департаментінің басшысы И.Бәкішева және жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасының басшысы К.Десятниченконың қатысуымен өткен бұл қабылдау тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Сондай-ақ облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Мағжан Ералиев қабылдау өткізіп, тұрғындардың өтініштерін тыңдап, түсіндірме жүргізді.

## Әскери-патриоттық диалог алаңы

«Jas Otan» жастар қанатының ұйымдастыруымен жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, әскери-патриоттық рух қалыптастыру, азаматтарды Отан алдындағы борышын өтеуге шақыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Qaisar» әскери-патриоттық диалог алаңы өтті.

Кездесуге Тәжік-Ауған соғысы ардагерлері Қайрат Бисенов, Жандос Әлімбетов, Марат Орынбайұлы, 5547 әскери бөлімінің әскери қызметкерлері және М.Маметова атындағы педагогикалық жоғары колледжнің студенттері қатысты.



Өркениеттің өлшемі де, мемлекеттің келешегі де қоғамдағы білім деңгейіне тәуелді. Бір ұлттың, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің кепілі – білім. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған.

## Білімнің бәсі бәрінен биік

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы – білім, сондықтан да білім әрдайым бірінші орында тұруы тиіс. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Тек білімді, сауатты, жан-жақты адам ғана болашақ тізгінін өз қолына ала алады.

Мемлекет басшысының Жолдауында: «Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты» деп атап көрсеткеніндей, Жаңа Қазақстанның жаңғыруына білімді ұрпақтың қосар үлесі зор. Осы мақсатта білім беру жүйесіне, айтсақ тағамына артылар жүктің салмағы ауыр.

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім кеңістігіне енуге бағыт алуға. Білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды. Заман көшіне ілесіп отырып, жаңаша бағытта жұмыс жүргізу – барша ұстаздардың алдында тұрған негізгі міндет. Ұстаз болу – ең жауапты, мәртебелі міндет. Жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына бағыт беруге де ұстаздар қауымы.

Алдына келген әрбір шәкірттің білім нәрімен сусынатын, болашақ өмірінде еркін ойлауға, қажет кезде дұрыс шешім қабылдауға, әрдайым өзін-өзі жетілдіруге де баулитын осы ұстаз. Ол үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады. Сондықтан да ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең ұрпағымызды тәрбиелеу үшін ұстаздар қауымы үздіксіз ізденісте болуы қажет. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үлесіне енген жаңа бағдарлама – бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленуі тиіс келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыруды көздейді.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Заманауи білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, яғни халықаралық деңгейде өзін еркін ұстай алатын зияткер ұрпақты тәрбиелеу, әр баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетін, дарынын танып, ағымға қарай ікемдеп жетілдіру.

«Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды аласақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Нәдан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» деп Міржақып Дулатов айтқандай, жаңа дәуір – ақпарат пен ғылымның ғасыры. Мақсатты білім беру тұлға дамуын жүзеге асырады.

**Еркін АҚШАЛОВ,**  
№8 облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернатының директоры



# Ауылдың адамдары еді

## Атсейіс

XIX ғасырдың орта тұсынан XX ғасырдың басына дейін осы күнгі «Таң» ауылының төңірегінде Қоқыбай есімді кісі өмір сүріпті. Бабамыз 20 жыл болыс болған деседі.

Алайда, бұл кісінің атағы болыстығымен емес, атсейістігімен шыққан сынайлы. Енді Қоқыбай бабамыз жайлы екі-үш үзік әңгімеге тоқталайын: Қазақ қашанда тойшыл халық. Ауқаты барлар дүниеден пәленбай жыл бұрын озып кеткен ата-бабаларына арнап ас беріп отырған. Мұндай асты сұр ас дейді екен. Алдын ала сауын айтылған осындай бір сұр аста аламан бөйге ұйымдастырылып, жер-жерден 80 ат келген дейді. Көрші ауылдағы Сарықасқа руының бір жас жігіті бөйгеге жаратып әкелген қарақасқа атын Қоқыбай сейіске көрсетіпті. Атты бір айналдыр өтіп, кеуде тұсының терісін оң қолымен бұрап босатқан Қоқан: «Е, шамаға келтіріпсің, жануар «мүше тістеймін» деп тұр ғой» деген екен. Аламанды алғашқы келген 10 атқа бөйге тігілсе керек. Әлгі қарақасқа ат жетінші болып келіп мүше алған.

Тағы бір жылы жүз қаралы ат қосылғалы тұрған аламан бөйге басталар алдында көпшілік қауым қолқалап, Қоқыбай бабамыздан: «алдыңғы лекте келетін он тұлпарды мензей аласыз ба?» деп сұрапты. Жүйріктерді аралап өткен ол «мынау-мынау» деген. Айтса айтқандай, тұс ауа шап берген әденкі сайыуліктер сейіс көрсеткендер болып шыққан. Осы оқиғадан соң ел арасында: «Қоқыбай тұлпарлармен тілдеседі екен» деген әңгіме тараған.

Атсейіс алдына келген атты шаппайды деп ешқашан айтпаған. Тек «жақсылып суын алып, бағын сынап көр» дейді екен.

Қоқыбай атамыздың заманында бөйгенін алдын бермеген Отауторы деген тұлпары болыпты. Жер-жерге бөйгеге апарғанда төрт қанат қараша үйді түйеге артып жүретін болған. Барған жерінде көз-сұқтан атан сақтау үшін қасындағы серіктері амы осында кіргізіп, қарауылдап, күтіп-баптайды екен.

Бір жылы атсейіс сырқаттанып қалып, ел жақсылары көңілін сұрауға барады. Шәй ішіліп, марка қозының еті пісемін дегенше біршама сырласқан ақсақалдар көңілі көтеріліп, сергігендей болған үй інісен:

– Талай бөйгенің басы-қасында жүрдініз, талай сөйгіліктің бабын біліп, бағын аштыңыз, біз білмейтін жерде өзіңізден айласын асырған жан кездесті ме? – деп сұрайды.

– Адамның білгенін адам біледі. Неге кездеспесің, кездесті. Шекті еліндегі бір сұр асқа жер-жерден 120 ат барды. Сол өңірдегі бір атсейістің тау елінен келіп, баптаған қос тұлпары бар екен. Оның Отауторының көргісі келіп, аңдығанын білдім. Ретін тауып, қасымдағы атқосшыларым көрсетпеді. Бірақ, аттар айдалар шақта әлгінің көзі Отауторыны шалған да, қарақшыны (мәре) 700-800 метрдей өрге апарып қадатады. Ішім кіп алды. Айласын асырғанын білсем де, аман жоқ еді. Тау жылқысындай емес, аяғы қысқалау қазақы жүйрік өрге қарай кесіліп шаба алмайды. Оған жаттықпаған, дағдыланбаған. Ал тау тұлпарларына өрі-қыры бәрібір, биіктік оларға кедергі емес. Түс ауа ұзаққа айдалған аттардың шаңы көрінді. Өуелі бір шаң бүрк ете түсті де, одан соң екі түйдек шықты. Алғашқысы менің Отауторым, одан кейінгілер өзім қауіп еткен қос тау тұлпары екенін сездім. Әнеміне дегенше аттар жақындай берді, алдында – Отауторы, сонында – екі тау тұлпары. Қарақшыға 200 метрдей жер қалғанда екеуі менің тұлпарымды қуып жетіп оза берді. Міне, «адамнан адам айласын асырады» деген осы емес пе? – депті. Тыңдағандар бас шайқаған екен.

Қоқыбай бабамыздың Сейітжан, Шөмен есімді екі баласын көзіміз көрді. Сейітжан атамыз сонау елуінші жылдардың аяқ жағына дейін «осы үйде қыстық соғымнан бір омырт-



қамыз қалған шығар» деп «Таңның» шалдарын ертіп біздің үйге келіп, сыбағалы асын ішіп-жеп кететін. Ол кісі жайлы «қорыша оқыған, кезінде оязға писарь болған» деген де әңгіме бар. Ал Шөмен атамыз 1970 жылдың ортасына дейін «Таң» ауылында өмір сүрді. Арабша сауаты бар кісі екенін білетінбіз. Бүгіндері олардан тараған ұрпақтар Жалағаш ауданы мен Қызылорда қаласында ел қатарлы тиіршілік етіп жатыр.

## Жырау

Екі соғысқа қатысқан әкем Әубәкір Есжанұлы 1917 жылы Жалағаш ауданының «Таң» ауылында дүниеге келіп, 2012 жылы өзінің туған топырағында өмірден озды. 1939 жылғы Финляндиямен болған соғысқа және Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943 жылы майданнан жарадар болып қайтып, «Таң» ұжымшырында мал шаруашылығы саласында қызмет еткен. Әкем жырау кісі еді. «Шәкір-Шәкірат», «Так Сүлеймен мен Самұрлық құс» киссаларын бір тұн бойы жырлайтын. Балқы Базардан бастап, Сыр бойы шайырлары Тұрмағамбеттің, Омардың, Кете Жүсіптің Керейт Дамұрынның термелерін келістіре орындайтын. Бірде маған мынадай әңгіме айтқан:

– 1938 жылы Әулиеатадағы (осы күнгі Тараз қаласы) мал дәрігерлік техникумында оқып жүргенім, – деп бастады сөзін. – Қала шетіне орналасқан бір атты әскер эскадроны болатын. Сабактан кейін аракілік бол жаққа барып тұрдым. Себебі, сала күнінен атқұмар болып өстім. Оның үстіне жарқылдаған жалаң қылышты, әлемі мундирлі атты сарбаздардың әскери жаттығулары мені барынша қызықтыратын. Қызығудың аяғы әскери комиссариаттан бір-ақ шығарды. Атты әскерде қызмет етуге сұранып, екі рет әскери комиссариатқа бардым. Комиссар екеуінде де арызымды қанағаттандырмады. Үшінші рет барғанымда күліп, арқамнан қакты да, дәрігерлік тексеруден өтуге жіберді.

Ауылдағы анам мен ініме хат салдым. Содан 1938 жылы күзге салым Карелиядан бір-ақ шықтым. Армандаған шпорлы құрым етік пен атты әскердің мундирін киіп, беліме алмас кылш тағандым. Атты әскер полкінде бір өзбек жігіті және мен, қоландары орыстар еді. Ол жылдары кеңес әскеріне бұратана ұлт өкілдерін мен сияқты өзі сұранғандарды болмаса, алмайтын. Жаттығуға кірістік. Маған ұзындығы есік пен төрдей күрең қасқа ат бұйырды. Атты әскерде ат белді әрі сайлы болуы тиіс. Өзіңді де, атты да жаттықтырасың. Тамағымыз тоқ, жағдайымыз жақсы. Тынығатын уақыт та жеткілікті. Ауылда Жакып есімді ағаштан түйін түйетін жездем бар еді. Сол

кісіге хат жазып, маған домбыра жасап, салып жіберуді сұрадым. Бір ай шамада ұшқатқан жасалған төрт бұрышты, ұзынша посылқа келді. Ашсам, домбыра. Шанағын бөлек, алмайл-салмалы сағасын бөлек ішектігімен қосып, ұқыптап салған екен. Деруе құрастырып, ішегін тағып шертсем домбыра күмбірлеп тұр. Қатты қуандым. Кешкілік тамақтанып алғасын домбыра тартам. Әдепкіде орыстар бұл қандай аспап деп танырғанандай болғанымен, келе-келе олар менің домбыраға қосылып айтқан ән-жырды жиналып отырып, тындайтын еді. 5-6 ай бойы домбыра ермек әрі серік болды. 1939 жылдың 30 қарашасы күні түнде тревога берді. Атты, қару-жарағымызды сайлап, сапырылысып кеттік. Ешкім ештеңе айтпайды, бірақ тосын жағдайдың болғаны сезіледі. Ертересіне белгілі болғандай, Финляндиямен соғыс басталған екен. Соғыстың аты – соғыс. Оны көп айтатыны жоқ. Бастапқыда бетпе-бет келіп, соғыса алмадық. Оның ессесіне ат тұяғының асты миға, көк тіреген зуулім ағаштардың басына жау мергендері отырады екен. Оны қуқушка деп атайды. Талайымыз опат болды. «Маннаргейм» атты бекіністі батыс милитаристері талай жылдар бойы темір-бетондап салыпты. Оны алу оңайға соқпағаны тарихтан белгілі. Әрі өтсе екі-үш аптаның ішінде финдерді тізе бүктіреміз деген кеңес әскери басшыларының жоспары іске аса қоймады. Көп сәтсіздіктер болды. Шабуылға шығарда полктің қызыл туы көбіне ысырылып не өзбекке, не маған келетін. «Уралап», құйындата шапқан атты әскерлердің арасынан көзге де, нысанға да желбіреп келе жатқан қызыл ту бірінші ілікпей ме?! Бірде астындағы күрең қасқа атыма жау оғы тиіп, омақаса құлап, қоса домалағаным бар. Алла жар болып, аман қалдым ғой.

1940 жылдың 12 наурызы күні Финляндия тізе бүкті. 3 ай, 13 күнге созылған соғыс аяқталды. Баспана көргеніміз жоқ, дала тағысы сияқты күй кештік. «Қар жастанып, мұз төсендік» десек болады. Өзіне үнгір-қуыс тапқанымен, астындағы атына табылмайды. Одан айрылып, жаяу қалсаң, әскери трибуналдан шығуың мүмкін... Сырт киімге тәуекел, үш жарым айға жуық іш киім ауыстырмау дегеннің ар жағы белгілі шығар... Биттеп кеттік. Сөзім жалаң болмас үшін айтайын, Ленинградқа алып келгенде қала тұрғындары бізден жабайы адам көргендей үрікті. Бір апта бойы моншаға түсірді. 1941 жылы жазға саламы, әскери қызмет мерзімім аяқталуға жақындап, елге қайтамын деп күн санап жүргенімде, Германиямен соғыс басталып кетті, қайта алмадым, – деп әкем әңгімесін аяқтаған еді.

## АҚЫН

1998 жылдың күзі болатын. Қаладағы №235 орта мектеп директорының орынбасары едім. Мені облыс әкімшілігіне шақырды. Уақытында барып, мәжіліс залына көтерілгенмін. Залда біраз адам жиналып қалған екен. Кеудесіне «Еңбек Ері» Алтын жұлдызын таққан жалағаштық Ұзақ Еспанов отыр. Қасында Садық Әлиев пен Жаксыбай Сарбалаев бар екен. Сәлем бердім. Ұзақ хал-жағдайымды сұрап жатыр. Сәл тұрғасын келесі қатардағы бос орындарға қарай шыға беріп едім, Жаксыбай ағамыз да орнынан көтерілді. Екеуіміз екінші қатарға жайғастық. Жиналыс басталарын дегенше біраз әңгіменің басын қайырдық. Жәкең бір жағынан ағамыз болса, екінші жағынан бөлектігіміз де бар еді.

Салтанатты шарада облыс әкімі Бердібек Сапарбаев бізге алғаш шыққан «Астана» медалін табыстады.

...Ақын Жаксыбай Сарбалаевтың кіндік қаны 1942 жылы «Таң» ауылының топырағына тамған. Әкесі Сарыбала өлең-жырға қаражауы болмаған, ал анасы Аймыш жыр қонған сүйлейер ауылынан еді. Отбасы кейін Жалағаш кентіне қоныс аударды. Жәкеңнің өмір жолына қысқаша тоқталар болсақ, 1964 жылы Қызылорда медицина училищесін бітіріп, 20 жылдай Жалағаш аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясында табан аудармай қызмет етті. 1990 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың тіл-әдебиет бөлімін сырттай аяқтап, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болды. Бірнеше мәрте аудандық мәслихаттың депутаты, бір рет облыстық мәслихаттың да депутатығына сайланған. Өлеңдері жыр жинақтарына енген.

1977 жылы аудан орталығы Жалағашта ауыл клубтарының байқауы өтетін болып, ауқымды шараға байланысты ауылға Жаксыбай ағамыз шақырылды. Ол кісі келе өнерлі жастарды жинатты. Тездетіп өзі мазмұнды сценарий жазған. Дайындық қызу жүрді. Оншақты күннен соң байқау басталып, «Таң» ауылдық клубы байқау қорытындысында бас жүлде иемденіп еді.

Менің бұл шағын мақалада ендігі бір айтпағым – Жәкеңнің бертінректе өзінің жан сырғындай етіп жазған бір өлеңі жайлы. Енді соны оқық:

– Көрінбес көп ішінен дара тұлғам,  
Несіне ақын болып жаратылған?  
Сәбидей сырқаттанып қала берем,  
Құстың да салқын тиіп қанатынан.  
Наз күткен досына досым алаң,  
Кей кезде дертіме дерт

қосып алам.

Қаймығып қажитындай

болмашыға,

япыр-ау, не болғаны осы маған?

Шабыт құстың талды ма

қанаты да,

Саябырлап барады тағатым да.

Алып ұшып тұрмаймын

бұрынғыдай

Жақсы жыр, жан азығын таратуға.

Зенгір көк, зеренді қол,

құшар далам,

Құсы да туған жердің ұсар маған.

Өңірін тышып-ескен кимай-қимай,

Алатау – арман тауға ұша алмаған.

Кейде өзімді жаулы құстай көрем,

Шарықпап қиялымнан

ұшпайды өлең.

Кешіктім, кешір мені

арманды өлке,

Төсінде туған жердің

қыстай берем.

Иә, Жәкеңнің осы жағанындай, ертерек жабдысқан дерт ат тұсауындай алдымен кен аштырмады ма? Қайсыбір қаламдастары сияқты кезінде Алматы, ақындар ортасына барса кім біледі, Жаксыбай Сарбалаев өлең аламандарында жыр бөйгелерін шапмай алар ма еді деп те ойлаймын. Ол 2012 жылы жетпіс жасында өмірден озды.

**Темірбек ЕСЖАНОВ,**  
Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

### ● АҚПАРАТ КӨЗДЕРІНЕН

#### Терминологиялық база жетілдірілмек

Биыл қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 6 мың терминге сараптама жасалады. Қазақ тілінің терминологиялық базасын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жалпы 1971 жылдан бері 31 611 терминге лингвистикалық сараптама жасалған. Биыл қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 6 мың терминге сараптама жасау жоспарлануда. Жаңа терминдерді біріздендіру мақсатында «Termcomp.kz» қызмет етеді. Мақұлдауға ұсынылған салалық терминдерді тек комиссия мүшелері ғана емес, сала мамандары мен жалпы жұртшылық талқылайды. Сонымен қатар қазақ тілі ұлттық корпусының мәтіндік базасын құру жұмысы қолға алынды. 2021 жылы публицистикалық мәтіндердің 2 млн бірлігіне талдау жасалып, qazcorp.kz сайтына орналастырылды.

#### Биылғы квота – 6587 адам

«Қуатты өмірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру арқылы 2026 жылға дейін солтүстікке қоныс аударған азаматтардың жұмыспен қамту деңгейін 87 процентке дейін жеткізу көзделген.

Инфрақұрылымдық жобаларды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін оңтүстік аймақтардан 35 мың адамды тарту жоспарланған. Еңбек күші тапшы өңірлерді қолдау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударушылардың квотасын бекітеді. Биылғы жылы квота 6 587 адамды құрады.

Қоныс аударушыларға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін (ауданы кемінде 0,1 га) беруді жеңілдету, қажетті мамандықтар бойынша жұмысқа орналасатын қоныс аударушылар, сондай-ақ олардың жұмыс берушілері тұрғын үй салу кезінде өз қаражаты есебінен жұмысқа шығандарын өтеу (кемінде 50%), субсидияларға қол жеткізу

үшін қоныс аударушылардың кредит берешегіне қаникулдар белгілеу (мерзімі 6 айдан 1 жылға дейін) пысықталып жатыр.

#### Депутаттың ұсталғанын растады

ҚР Бас прокуратурасы Алматы қаласы мәслихатының депутаты Қайрат Құдайберген қаңтар оқиғасының ісі бойынша ұсталғанын растады. Қайрат Құдайберген 21 сәуірде уақытша ұстау изоляторына қамауға алынған.

Еске салсақ, қаңтар оқиғасы кезінде Алматы қаласынан тараған видеоларда кәсіпкердің «Дикий Арман» лақап атымен белгілі Арман Жұмағелдиевтің жанында жүргені көрініп болатын. 7 қаңтарда Алматыда полицейлер «Дикий Арман» лақап атымен танымал қылмыс әлемінің серкесі А.Жұмағелдиевті ұстаған еді. ҚР Бас прокуратурасы Арнайы прокурорлар қызметінің бастығы Ризабек Ожаровтың айтуынша, «Дикий Арман» тобы қаңтар оқиғасы кезінде 24 бейбіт тұрғынды ұрлап, күштеп ұстаған. Криминалдық авторитет «Дикий Арманды» қамауға алу мерзімі екі айға ұзартылған болатын.

#### Пәндер мазмұны қайта қаралуда

Бастауыш сыныпқа арналған академиялық пәндердің мазмұны қайта қаралып жатыр. Орта білім беру мазмұнын еңбек нарығының талаптарына, педагогика және психология саласындағы жаңалықтарға сәйкестендіру үшін Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының базасында арнайы жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы бастауыш сынып оқушыларының психоэмоционалдық жағдайын ескере отырып, академиялық пәндердің мазмұнын қайта қарау, жоғары сынып оқушыларын кәсіптік бағдарлау, оқушылардың дербестігін, әлеуметтік дамуы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, инклюзивті білім берудің қолжетімділігін арттыру мәселелерін пысықтайды. Жалпы еліміздің рухани құндылықтарын сақтау және оларды мектеп бағдарламасы, әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы доріптеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

## Аудан жаңалықтары

### Әдеби автобус

Қызылорда. Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі Дүниежүзілік кітап және автор құқығын қорғау күніне орай «Өркениетке кітап» атты әдеби автобус шарасын өткізді.

Іс-шара барысында №1 бағыттағы автобус жолаушылары кітап туралы өлең-жырлармен сусылды. Сондай-ақ, жүргізушілермен викториналық ойын жүргізіліп, қызықты сұрақтарға жауап берген оқырмандар түрлі сыйлықтарға ие болды.

### Қор өкілдерімен кездесті

Арал. Аудан әкімі Серік Сермағамбетов Арал теңізінің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатындағы бірқатар жобаларды жүзеге асыратын америкалық «USAID» қорының өкілдерімен кездесіп, сапарларына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде қор өкілдері теңіз ұлтына сексеуіл отырғызу, теңізді қытай ауларынан, пластикалық қалдықтардан тазарту жұмыстарын жүргізетінін айтты. Сонымен қатар, қалбырлар мен пластикалық қалдықтарды қайта өңдейтін цех салу жоспарын бөлісті.

### Медициналық бекет ашылды

Қазалы. Аудан орталығынан шалғай орналасқан Жұбан елді мекенінде жаңа медициналық бекет ашылды.

Ашылу салтанатына аудан әкімі Мұхтар Оразбаев, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Талайлы Бөріқұлаков қатысты. Жаңа медициналық бекет Жұбан ауылында тұратын 8 отбасы мен жасқан маңдағы Сағыр, Қазанғап елді мекендерінің 200-ге жуық тұрғынына дәрігерлік көмек көрсетеді.

### Атыс қаруын сатып алу акциясы

Қармақшы. Аудандық полиция бөлімі азаматтардың тапсырған атыс қарулар, жарылғыш заттар мен оқ-дәрілердің техникалық жай-күйі, оларды тапсырғаны үшін сыйақы белгілеу жөнінде комиссия құрылғанын хабарлады.

Сондай-ақ, азаматтарды заңсыз қаруды, оқ-дәрілерді полиция бөлімдеріне өткізіп, қылмыстың алдын алуға үлес қосуға шақырды. Айта кетейік, ҚР ІІМ-нің бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес ел аумағында заңсыз сақтаудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша кезекті акция басталды.

### Төмен бағалар дүкені ашылды

Жалағаш. Аудан орталығында «Светофор» төмен бағалар дүкені ашылды.

Дүкен негізінен жергілікті тауар өндірушілері мен Ресейде шығарылған өнімдерді басқа сауда орындарына қарағанда 12-18 процент төмен бағаммен сатады. Айта кетейік, нысанда жаңадан 11 жұмыс орынын ашылып, аудан азаматтарын жұмыспен қамтуда.

### Аяқсу жолдары қайта қазылу

Сырдария. Теренөзек кентіндегі аяқсу жолдарын қайта қазу жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күнге кенттегі Жеңістің 50 жылдығы, Мұратбаев, Тәжібаев, Құттыбаев және басқа да 14 көшеде аяқсу жолдары қазылды. 20 сәуірден бастап аяқсу насостары іске қосылды. Сонымен қатар, Б.Момышұлы, А.Токмағамбетов, Қызылдықан көшелеріне жаңадан электр насостарын қою жоспарланды.

### Ескерткіштер – ел мұрасы

Шнелі. Аудандық Ыбырай Жақаев атындағы күрші өсіру тарихи музейінде «Ескерткіштер – адамзат әлемінің айнасы» атты шара өтті.

Жиынның басты мақсаты – оқушыларға киелі орындар мен тарихи маңызы бар ескерткіштер туралы мәлімет беру. Сондай-ақ келушілер Ы.Жақаев атындағы күрші өсіру тарихи музейіндегі құнды дүниелермен танысып, көптеген пайдалы ақпараттармен сусылды.

### Түнгі рейд жүргізілді

Жаңақорған. Аудандық Жастар ресурстық орталығы кеңесшісі М.Құлмырзаев, жастар ісі жөніндегі мамандары және аудандық полиция бөлімінің ювеналды полиция тобының инспекторлары қатысумен рейдтік жұмыстар жүргізілді.

Рейд барысында жастар көп жиналатын компьютерлік ойынханалар мен мейрамханаларда жеке кәсіпкерлерге түнгі 22:00-ден кейін көмелетке толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінің кіргізуіне керекті ескертілді. Сонымен қатар үй-жайынан тыс жерде заңды өкілдерінің жүрген жасөспірімдерге ескерту жасалынып, үйлеріне қайтарылды.

Дайындаған  
Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

## Рухани байлыққа үндеген

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау» күніне орай «Kitap Fest-2022» фестивалі ұйымдастырылды. Оған зиялы қауым өкілдері, жастар, кітапхана оқырмандары, жоғары оқу орындары және колледж студенттері, мектеп оқушылары, жалпы қала тұрғындары қатысып, тамашаланды.

Іс-шараны облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мынжас ашып, құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ, елімізге белгілі қаламгерлер, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова, жазушы Сайлаубай Жұбатыров сөз өнеріне сүйіспеншілік, кітап оқудың маңызы туралы пікір білдірді.

Фестиваль қатысушыларына қызыққа толы бағдарламалар дайындалған. Көрме-жәрмеңке ұйымдастырылып, «Отбасы хрестоматиясы» баспасы шы-



ғарған кітаптар оқырман назарына ұсынылды. Оқырмандар «Әлдиен эпосқа дейін», «Сияр Шәріп», «Ясауи феномені», «Логотерапия», «Салт-дәстүр сөйлейді», «Махаббат мекені», «Бейсен және болмыс» кітаптарына қызығушылық танытты. Қатысушылар кітаптардың әртүрлі инсталляцияларын тамашалап, фотосессия жасауға мүмкіндік алды.

Іс-шара кішкентай оқырмандардың флешмобына жалғасты. Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназияның, Т.Рысқұлов атындағы №222 орта мектебінің, №267 орта мектебінің оқушылары М.Әлімбаевтың, Ө.Тұр-

манжановтың, А.Асылбектің, Қ.Мырза Әлінің өлеңдерін оқыды. Ұлы ағартушы, ақын А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағындағы «Қасқыр мен қозы» көрінісі сахналынып көрсетілді. Сондай-ақ рухани ордаға келушілер ашық аспан астындағы кітап көрмесін тамашалап, құнды қазыналармен танысты.

Бұдан бөлек, «Жыр әлемінде» атты поэзия кеші ұйымдастырылды. Оған ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мөлдір Айтбай қатысып, өзі оқыған сүйікті кітаптарын оқырмандарға ұсынды.

«СБ» ақпарат

## Мал ұрлығының жазасы қатаң

Мал – ауыл халқының күнкорісі, нәпақасы, берекесі. Ежеден төрт түлігін түлетіп, содан ризығын айырып келе жатқан халқымыз үшін ақ адал еңбегі, маңдай терімен жинаған малының орны ерекше. Дегенмен біреудің адал еңбегімен жинаған малына көз тігіп, оңай олжаға кенелгісі келетіндер де жоқ емес. Мал ұрлығының күннен-күнге өршіп, тыйымсыз тұрғаны бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі десек қателеспейміз.



Осыған орай азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, олардың меншік құқығының қорғалуын қамтамасыз ету үшін Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына кезекті Жолдауында мал ұрлығы үшін жазаны қатаңдату қажет екенін атап өткен болатын.

Осы негізде Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Аталған заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 188-1 «Мал ұрлығы» деген арнайы бап енгізілді.

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны белгілейтін заңнаманың жаңа талабына сәйкес, мал ұрлығы адамдар тобы емес, бір адам мал қораға немесе басқа да қоймаларға кірместен жабірленушіге айтарлықтай залал келтірмей жазаға жағдайда сотталушының ауырлығы орташа қылмыс ретінде мүлкі тәркіленеді. Үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, сол мөлшерде түзеу жұмыстарына бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығын айыру жазасы қарастырылған.

Егер мал ұрлығын адамдар тобы алдын ала сөз байласып жасаса немесе ірі мөлшерде жасалған мал ұрлығы ауыр қылмыс деп танылады. Ол үшін үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Мал ұрлығы бірнеше рет жасалса, сондай-ақ тұрғын үйдің мал қорасына, қашаға немесе өзге де қоймаларға кіру арқылы жасалған жағдайда да ол ауыр қылмыс деп танылады. Ол үшін бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Егер мал ұрлығын ұйымдастырған қылмыстық топ жасаса немесе аса ірі мөлшерде жасалса, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыру жазасы белгіленеді.

Мал ұрлығы үшін жазаның қатаңдатылғанына, ол жайлы ақпарат құралдарында жарыса жазып, түсіндірме жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, ауыл халқының ақ адал малын оңай жолмен иемденіп, жымқырғысы келетіндердің азаймауы көңілге қаяу салады.

Қылмыстық кодекске мал ұрлығы бойынша жауаптылық көзделген жаңа бап енгізілгені Жаңақорған аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 188-1 бабымен 2020 жылы 5 адамға қатысты 4 қылмыстық іс, бытыр 9 адамға қатысты 5 қылмыстық іс қаралған.

Оның ішінде 2020 жылы 2 қылмыстық іс бойынша мал ұрлығы орташа ауырлықтағы қылмыс ретінде сотталушылардың жабірленушілермен татуласып, залалды өтеуіне байланысты тоқтатылса, бытыр орташа ауырлықтағы 1 адамға қатысты 1 қылмыстық іс осы негізде тоқтатылған.

Мал ұрлығына қатысты жаңа баппен 2020 жылы аудандық соттың үкімімен 3 адамға қатысты 2 қылмыстық іс бойынша сотталушыларға бас бостандығын айыру түріндегі жаза тағайындалған.

Өткен жылы аталған баппен 8 адамға қатысты 4 қылмыстық іс бойынша үкім шығарылып, 8 сотталушыға бас бостандығын айыру түріндегі жаза тағайындалған.

Мысалы, Бесарқы ауылының тұрғыны сотталушы К. ауыл маңындағы жайылымдық жерде жабірленуші М.-ның қойын бағып жүріп, отар ішінен әрқайсысының құны 15000 теңгені құрайтын 6 бас қозысын жымқырып, жабірленушіге 90000 теңге мүліктей залал келтірген. Кодекстің 11-бабы 3-бөлігінде талабына сәйкес сотталушы К.-ның жасаған іс-әрекеті – ауырлығы орташа қылмыс.

Ал 68-баптың 1-бөлігіне сай, ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам жабірленушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Сондықтан, сотталушы мен жабірленуші өзара медиация тәртібімен татуласып, оның залалды өтеуіне байланысты сотталушы К. 68-баптың 1-бөлігі негізінде жауаптылықтан бо-

сатылып, қылмыстық іс тоқтатылды.

Сот үкімімен жаза тағайындалған іске тоқталсақ. Сотталушылар Қызылорда қаласының тұрғындары Н., Т., С. адамдар тобы алдын ала сөз байласып, 2020 жылдың тамыз айы мен желтоқсан айы аралығында бірнеше рет Жаңақорған ауданы Қожамберді ауылының жайылымдық жерлерінен, егістік алқабынан және «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» тас жолының Шнелі ауданы Бала би ауылы «Оқиы Ата» кенесенің тұсында жайылымдық жерде жайылып жүрген Жаңақорған, Шнелі аудандарының 12 тұрғынының жалпы 13 бас сиырдың жымқырған. Қызылорда қаласына барып мал сою пункттеріне өткізіп немесе базарға сатып, түскен ақшаны бас пайдаларына жаратқан.

Сот талқылауында сотталушылар жабірленушілерге келтірілген шығынды толық өтеп, жасаған әрекеттеріне өкінетінін білдірген. Алайда сот олардың жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігін ескеріп, ҚК-нің 188-1 бабы 3-бөлігінің 1) тармағымен кінәлі деп танып, бес жыл алты ай мерзімге бас бостандығын айыруға, жазасын қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге үкім етті.

Қылмыстық кодекстің талабына сәйкес жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жана қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін қолданылады. Жаза тән азабын шектіруге немесе адамның қадір-қасиетін қорғауы мақсат етпейді.

Аудандық сот ауылдық округ әкімдеріне мал ұрлығына жазаның қатаңдатылғанын жайлы, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін жекеше қаулылар қабылдаған.

Аудан тұрғындарының тірлігі мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Дегенмен кейінгі уақытта мал ұрлығының белең алуы адал еңбекпен күн кешіп отырған халықтың көңіліне қаяу салады. Жылдар бойы тірнектен жинап малын оңай әрі мол олжаға батуды ойлаған ұрылардың меншігін беріп қою кімге де оңай тиімесі анық.

Алайда мал иелері де ұрлықтың алдын алу үшін қырағы болып, малының жайылымда иесіз ұзақ жайылуына жол бермеуі керек. Уақытылы қадағалап, қарау үшін бақташымен келісіп, бағуды жолға қойса, олардың ұры көзіне түсіп, оңай олжаға кенелуіне жол бермес еді.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен мал ұрлығын жасаған адамдарға қатысты жазаны қатаңдату аталған санаттағы қылмыс санының азайып, атаксіппен айналысатын ауыл тұрғындарының одан әрі шаруасын дөңгелетіп, меншік құқығының қорғалуына заңмен кепілдік берді.

Әлия ТҮБЕКБАЕВА,  
Жаңақорған аудандық сотының төрағасы

### БРИФИНГ

Бірінші топтағы мүгедектерге күтім көрсетушілерге ең төменгі күнкорі денгейінде жаңадан арнаулы жәрдемақы енгізілді.

Аружан ЕРАЛЫ,  
«Сыр бойы»

## Жәрдемақы мөлшері көбейді

Аталған көмек бөгде адамның тұрақты көмегіне мұқтаж I топтағы мүгедектері бар азаматтарға арналған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Айгүл Маханова айтты.

Жәрдемақы туыстық қатынастарына қарамастан тағайындалып төленеді. Бірақ күтімді жүзеге асырушы ретінде айқындалған адам бір елді мекенде тұруы керек. Бұған дейін аталған жәрдемақы «Балалық отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» заңға сәйкес 18 жасқа дейін мүгедектігі бар балаларды тәрбиеленгені үшін ата-анасына, камкоршысына және күтім жасайтын адамдарға ең төмен күнкорі денгейінде тағайындалып төленгені.

– Биыл жәрдемақы мөлшері 50426 теңгені құрады. Бұл көмек күтім жасайтын 198 адамға тағайындалды. Күтушіге жәрдемақы мынадай жағдайларда тағайындалмайды: Егер күтуші көмелет жасына толмаса, психикалық денсаулық орталығында есепте тұрса, I топ мүгедегі толық мемлекеттік қамсыздандыруында болған жағдайда ала алмайды.

Сонымен қатар 7-ден 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға берілетін жәрдемақы зыркатының дәрежесіне қарай 37 процентке дейін ұлғайды. Жалпы облыс бойынша 7-ден 16 жасқа дейінгі 3080 балаға мүгедектік топ белгіленді. Бүгінде 478 балаға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы берілді. Айта кететін жайт, «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңына өзгерістер енгізіліп, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға күтім жасау кезеңі 18 жасқа дейін ұзартылды, – деді А.Маханова.

Заңда мүгедектігі бар балаларға мемлекеттік жәрдемақыны ата-анасының біреуі қайтыс болған жағдайда немесе асыраушысынан айырылса, бір мезгілде алу құқығы көзделген. Бұл өзгерістер камкоршысынан айырылған және отбасы құрамында мүгедек балалары бар отбасылардың табыс денгейін арттыруға мүмкіндік береді.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПҚР» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2022 жылы 30 мамыр күні сағат 11.30-да Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №4 мекен-жайында «Қарабулақ-71Д көлбеу бағыттағы пайдалану ұнғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба», «Қарабулақ-80Д көлбеу бағыттағы пайдалану ұнғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба», «Қарабулақ-84Д көлбеу бағыттағы пайдалану ұнғымасын салуға арналған жеке техникалық жоба», «№4886 келісімшарттық аумақтағы Құмкөл кен орнында жобалық тереңдігі 1750 м(±250) пайдалану ұнғымаларын салуға арналған топтық техникалық жоба» жұмыстарына «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» бөлімдеріне ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірінғай экологиялық портал <https://ecportal.kz/Public/Hearings/ShowDetails/6858> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертудер мен ұсыныстар <https://ecportal.kz/> бірінғай экологиялық порталда, сондай-ақ [Murat.Mambetov@petrokazakhstan.com](mailto:Murat.Mambetov@petrokazakhstan.com) және [zh.kalemova@kaznigri.kz](mailto:zh.kalemova@kaznigri.kz) қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын қуалаудыратын құжатты көрсеткеннен кейін жүргізіледі.

Төтенше жағдай немесе шектеу шаралары оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша оту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROTjVhL0ZlZm00OEVySXY3Yk9kZ0Z0>  
Конференцияның идентификаторы: 528 066 4063, кіру коды: 1234.

Белсенді сілтеме Бірінғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/Public/Hearings/ShowDetails/6858> сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты «ПҚР» АҚ Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі №4, тел.: 29-99-52, эл.пошта: [Murat.Mambetov@petrokazakhstan.com](mailto:Murat.Mambetov@petrokazakhstan.com), арқылы алуға болады.

Іс-шараның бастамашысының өкілі Мұрат Мамбетов, тел.: 29-99-52.

Жобалаушы – «КАЗНИГРИ» ЖШС, Атырау к., Өйтеке би 43А., тел.: 30-40-17, эл.пошта: [zh.kalemova@kaznigri.kz](mailto:zh.kalemova@kaznigri.kz)

№	Қабылдау жүргізілетін тұрғын А.Т.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Тәжібаев Қайрат Әбеноұлы	Департамент басшысы	Әр аптаның Сәрсенбі күні	15.00-ден 17.00-ге дейін
2	Серікбек Қанатбек Қуанышұлы	Департамент басшысының орынбасары	Әр аптаның Бейсенбі күні	15.00-ден 17.00-ге дейін

### Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментінің мемлекеттік қызметшілерінің «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда 8/7242/40-02-44 сенім телефонына жүгінуге болатындығын хабарлайды.

### Жарамсыз деп есептелсін

«Отан» Республикалық қоғамдық бірлестігінің «Қызылорда облыстық кәсіби техникалық оқу орталығы» білім беру мекемесі (БСН 030140008063) Жарғысының мемлекеттік және орыс тіліндегі тұнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## ● КОНКУРС

СЫР АСПАНЫН ТЕРБЕГЕН  
САЗДЫ ӘУЕН

Тәуелсіз қазақ елінің тарихында есімі алтын әріппен жазылған аңыз адам, ұлтымыздың өнері мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ҚСРО Халық артисі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың туғанына 100 жыл. Ән падишасының ғасырлық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып отыр. Мемлекет қолдауымен жүзеге асырылып жатқан мерейтойлық іс-шара талант несиінің туған жеріндегі тағлымды істерге арқау болды.

Сб Ғазиға ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»



Облыс орталығынан ән падишасының зәулім ескерткіші бой көтерді. Қазақтың қаһарман қызының дара тұлғасын аскақаттып, ұлттық нақышпен үйлескен сәулетті туынды Сыр халқының шексіз құрметінің айғағындай. Ескерткіш авролары сәулетші Б.Кененбаев пен мүсінші М.Сыдықовтың шығармашылық еңбегіне елдің алғысы ерекше.

Табиғи талантымен бағаланып, ор болмысымен, өнегелі ізімен өзіндік қолтаңбасын қалдырған Роза Бағланова ғажап киім үлгісімен де ұлт мәдениетін әлемге танытты. Өншінің бір естелігінде айтылғандай, Елизавета патшайым «Қазақ әйелдерінің киген киіміне карап-ақ олардың қандай халық екенін танауға болады. Бұл киім байлық пен талғамды аңғартады» деген екен. Иә, дүниежүзінің 50-ден астам елінде қазақ әнін шырақпаған ол шын мәнінде Отанды, туған елді сүюдін ерекше үлгісін көрсетті.

Аңыз әнінің асыл мұрасын насихаттауға арналған «Ақмаңдайлым» атты дәстүрлі республикалық ән конкурсы биыл облыста 5-мәрте ұйымдастырылды. Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық академиялық драма театрында екі күнге ұласқан ән байқауына еліміздің барлық өңірінен 20-ға жуық жас әнші қатысты. Конкурстың талабына сәйкес Р.Бағланованың репертуарындағы ел жүрегіне жатпай қалған, ерекше әуезді ретро әндер қайта жаңғырды. Сонымен бірге, халық әндері және қазіргі заман композиторларының әндері де

кеңінен насихатталды. Облыстық филармония жанындағы оркестрдің сүйемелдеуімен, жанды дауыста орындалған әндер көрермен көңілінен шықты.

Конкурсқа қазылық еткен әнші-композитор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Ж.Елебеков атындағы эстрадалық-цирк колледжінің директоры Жәніс Сейдололаұлы (қазылар алқасының төрағасы), ҚР Еңбек сіңірген артисі, «Алматы әуендері» концерттік бірлестігінің бас көркемдік жетекшісі Бақтияр Тайлақбаев, әнші, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ Ұлттық өнер университеті «эстрадалық ән салу» кафедрасының профессоры Сембек Жұмағалиев, композитор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының қызметкері Рамазан Тайманов, әнші, ҚР Еңбек сіңірген артисі, облыстық филармония әншісі Күләш Қалымбетова үміткерлер арасынан үздіктерді анықтады.

«Ақмаңдайлым» ән конкурсының бас жүлдесін Жамбыл облысынан қатысқан Дархан Қабыл жеңіп алып, 500 000 теңге жүлде иеленсе, 1 орынға лайық деп бағаланған Қызылорда облысының «Адажіо» тобы 300 000 теңге жүлдені қанжығалады. Айта кетейік, қаржылай жүлделер Р.Бағланованың отбасы атынан табыс етті.

Конкурстың II орын иегері Нұр-Сұлтан қаласынан келген Қымбат Жамбылбек және Ақтөбе облысының өнерпазы Әкімжан Шакиров 200 000 теңгеден еншіледі. Ал III орын Қазалы ауданы-

нан келген Сәкен Кермеш, Алматы облысынан Азамат Бақбергенов және Алматы қаласынан қатысушы Алмагүл Батталиеваға бұйырып, 100 000 теңгеден иеленді. Ал «Ақмаңдайлым» жүлдесі үшін Дәурен Ерманға, «Ән бұлбұлы» жүлдесі үшін Лияс Қадырбайға 50 000 теңгеден табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, конкурстың жүлде қорына Р.Бағланованың отбасы және облыс әкімдігі демеушілік жасады.

